

**Түркістан облысының білім басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің «Балаби»
бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны.**

01-16

**2023-2024 оқу жылының Әкімшілік жанындағы
кеңестің хаттамалары.**

5 жыл 16 тармақ (14)

Әкімшілік жиналыс хаттамасы
№1 хаттама

Өткізілген күні: 05 – қыркүйек. 2023 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Л.А.Ахметова .әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруашылық ісі меңгерушісі, психолог және бөбекжай тәрбиешілері

Қатысқандар саны: 13

Қатыспағандар саны: жоқ

Себептісі: Себепсізі:

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі ұйымның Нормативті-құқықтық құжаттарын талдау.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларын жоспарға сай бекіту
4. Салыстырмалы бақылау нәтижесі. Ересек топтарда

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі Ахметова Ләззат Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері М.Саурамбаева сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымда басшылыққа алынатын Нормативті-құқықтық құжаттар туралы айтып, таныстырды. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырды. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы , Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы және т.б. басшылыққа алынып, орындауға тиісті нормативтік құжаттарда не талап етілетіні жайлы түсіндірді.

Жарыссөзге шыққандар: медбике Токтыбаева Дина сөйлеп, балалар денсаулығына және әр қызметкердің денсаулығына көп көңіл бөлініп, барлық қауіпсіздік шараларын сақтауға ұсыныс айтты.

Тәрбиеші Г. Өсер сөйлеп, биылғы оқу жылында бала жасының ерекшеліктері әр топта қандай болу керек деген сұрақ қойып, жауап алды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың музыка жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, «1 – қыркүйек Білім күні» мерекесі жаңа оқу жылында жабық форматта, ата – ананың қатысуынсыз өтіп, барлық топтың жас

ерекшеліктеріне қарай Білім күнінің маңыздылығы, мәні туралы тақырыптық сабақ өткізілгенін айтып, өткізілген тәрбие жұмысының мақсаты мен барысы айтып туралы айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, карантиндік шектеу шаралары кезеңінде оқу – тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп ізденіп, тәжірибе жинақтау керек екені жайлы ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың музыка жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларымен таныстырды. Педагогтар әр топта өтілетін ертеңгіліктерді бекітілсін деген ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, ортаңғы топтарда салыстырмалы бақылау нәтижесі жайлы айтты. Ересек «Балапан» және «Балауса» топтарында үлгілік оқу бағдарламасын балалардың меңгеру деңгейі, тәрбиешінің оқыту әдістемесі, балалардың өз алдына жұмыс істеу қабілеті, тәрбиешілердің іс – құжаттарды жүргізуі, ата- аналармен байланыс, апталық циклограмма бойынша жүргізілетін барлық оқу – тәрбие жұмыстары салыстырылып, анықтамасы жазылғанын және оқу жылының ортасында тағы да салыстыру жұмыстары болатынын айтты.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Бөбекжайдың оқу – тәрбие жұмыстары мектепке дейінгі ұйымның нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алынып жүргізілсін.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шаралары жоспарға сай бекітілсін
4. Ортаңғы топтардағы салыстырмалы бақылау нәтижесі жақсы деп бағаланып, салыстырмалы бақылау жалғастырылсын

Бөбекжай меңгерушісі:
Хатшы:



Ахметова Л.А
Саурамбаева М.Б

**Әкімшілік жиналыс хаттамасы
№2 хаттама**

Өткізілген күні: 10 – қазан. 2023 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Л.А.Ахметова, әдіскер, музыка жетекшісі, психолог және тәрбиешілер

Қатысқандар саны: 12

Қатыспағандар саны: 1

Себептісі: 1 Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартына талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтер жоспарының жазылу үлгісін талдау.
2. Ұйымдастырылған оқу қызметі мен тәрбие жұмысының барысын бақылау туралы.

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі Ахметова Ләззат Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері М.Б.Саурамбаева сөйлеп, мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай ұйымдастырылған оқу жоспары қызметі жоспарының жазылу үлгісіне талдау жасады. Білім беру стандартының талаптарына сай әдістемелік хатта оқу қызметінің жоспары қалай құрылатыны көрсетіледі. Кіріспе бөлімде тәрбиеші балаларды ұйымдастырып, өткен оқу қызметін естеріне түсіріп қайталайды. Негізгі бөлімде жаңа оқу қызметімен таныстырып үйретеді, сергіту сәтін, тапсырмалар өткізеді.

Қорытындыда оқу қызметін пысықтап, дидактикалық ойын арқылы қорытындылайды деді. Осы жазылу үлгісіне қарап, оқу қызметін өткізу керектігін түсіндірді. Циклограммада күні бойы жүргізілетін іс-шаралар, жұмыстар жоспарланатынын айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: Тәрбиеші О.Есимбаева сөйлеп, вариативтік компонент бөлімін циклограмманың қай уақытына жоспарлайтыны туралы сұрақ қойып жауап алды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша меңгеруші Л.А.Ахметова сөйлеп, ұйымдастырылған оқу қызметтері мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті оқу қызметтерінің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Оқу қызметтері

оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу қызметіне дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Оқу қызметтердің жоспарлары мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай жүргізілсін.
2. Ұйымдастырылған оқу қызметі мен тәрбие жұмыстарының барысын бақылау жалғастырылсын

Бөбекжай меңгерушісі:
Хатшы:



Л.А.Ахметова
М.Б.Саурамбаева

**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы
№3 хаттама**

Өткізілген күні: 01 – қараша 2023 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай-бақшасы басшысы Л.А.Ахметова, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруашылық ісі меңгерушісі және бөбекжай тәрбиешілері

Қатысқандар саны: 14

Қатыспағандар саны: 2

Себептісі: 2 Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы .Жедел бақылау.
2. «Алтын күз» ертеңгілігінің қорытындысы.
3. Дөңгелек үстел. «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары»

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай –бақшасы басшысы Ахметова Ләззат Абдикалыкқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Токтыбаева Дина сөйлеп балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айтып қорытындылады. Қазіргі карантин талаптарын орындау бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптарды орындалуы жайлы айтты.Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады.Қол сүрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті. Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп тұр.Топтардың,жатын бөлмелердің,асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты.Күнделікті ылғалды тазалау,аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді.Мәдени-гигиеналық талаптарды орындамай қалған қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп,түзетілді деп айтты.Сонымен қатар әр топта ыдыс аяқ жууға арналған ыстық су жүргізілгенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: Бөбекжай-бақшасы басшысы Л.А.Ахметова сөйлеп, балалардың күнделікті тазалығын,тырнақтарының өспеуін,шаштарының тазалығын қарауды тапсырды.Қолдарын таза жууды, антисептик қолдануды, бір реттік сүлгіні дұрыс пайдалануды қадағалау керектігін айтты..

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың музыка жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, «Алтын күз» мерекесінің ертеңгілігінің мақсаттарымен, өткізілу барысымен таныстырды. Сценарий бойынша балалар қандай әндер айтып, билер, такпақтар, ойындар ойналғанын айтты. Ертеңгілікке санитарлық талаптар сақталынып, ата – ананың қатысуынсыз айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші: Н.Асемова ертеңгіліктің өте қызықты өткенін, барлығына ұнағанын айтты. Тәрбиеші: Есимбаева О ертеңгілікте безендіру жұмыстары өте керемет болғанын айтты. Әдіскер М.Саурамбаева ертеңгіліктің сценарий жақсы құрылғанын, балалар күз мезгілінің берекесін, молшылық, көп өнім беретінін түсініп, қызықты өтілгенін атап өтті. Ертеңгілік мақсатына жетті деп санаймын.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері М.Саурамбаева «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары» тақырыбында дөңгелек үстел өтетінін айтып, жаңартылған бағдарламаның әдіс – тәсілдерімен пікір бөлісуге шақырды.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші: Шамшиева Камшат сөйлеп, Педагогикалық шеберлік орталығында білімін жетілдіріп келгенін, курстағы оқыған 4К моделінің бағыттары сыни ойлау, командамен жұмыс, креативті ойлау, коммуникативті дағдыны оқу қызметтерінде қалай қолдану керектігі жайлы өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті.

Тәрбиеші Адишева Замира педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрымдалған ойын, еркін ойындардың қалай ойналатыны туралы бөлісті.

Шеберлік орталығында білімін жетілдірген педагогтардың барлығы өз тәжірибесімен бөлісіп, пікірлерін ортаға салды.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы жақсы деп бағаланып, бақылау жалғастырылсын.
2. «Алтын күз» ертеңгіліктерінің өтілуі жақсы деп бағалансын.
3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары ұйымдастырылған оқу қызметтерінде қолданылсын.

Бөбекжай-бақшасы басшысы:
Хатшы:



Л.А.Ахметова
М.Б.Саурамбаева

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

№4 хаттама

Өткізілген күні: 04- желтоқсан. 2023 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай –бақшасы басшысы Л.А.Ахметова , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, және бөбекжай- бақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатыспағандар саны: жок

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы. Жедел бақылау.
2. Қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру
3. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық тақырыптық оқу қызметтерін бекіту
4. "Ата -Әке - бала" отбасылық спорттық сайысының қорытындысы

Тыңдалды: Жиналысты бөбекжай –бақшасы басшысы Ахметова Лаззат Абдикалыкқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру туралы бөбекжай-бақшасы медбикесі Дина Токтыбаева сөйледі. Бөбекжай қызметкерлерін балалардың қыс мезгілінде жарақаттанбауы үшін қандай нұсқаулықтарды сақтау керектігін айтып, ережемен таныстырды. Балаларды серуенге алып шығар алдында ойын алыңының, жолдардың мұз қатып, сырғанақ болмауын, шатырлаардан мұз тамшыларының құлау қаупінің жоқ екендігіне көз жеткізіп, міндетті түрде тексеріп шығу керек. Балалардың қауіпсіздік ережесінің сақталуы үшін ғимаратқа жақын жерде ойнатпау керек деді. Балаларды қыс мезгіліне сай жылы, әрі ыңғайлы, аяқ киімдері сырғанақ болмауы керектігі туралы ата - аналармен сөйлесуге кеңес берді.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші О.Есимбаева сөйлеп, қыс мезгілінде балаларды серуенге алып шыққанда балаларды киіндіруге кіші топтарға көп уақыт кететіндіктен, пән мұғалімдері киіндірісуге көмек берсе деген ұсыныс айтты. Ұсынысты қызметкерлер түгел қолдады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай –бақшасы медбикесі Дина Токтыбаева сөйлеп балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айтып қорытындылады. Қазіргі карантин талаптарын орындау бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптарды орындалуы жайлы айтты. Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады. Қол сүрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті.

Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп тұр. Топтардың, жатын бөлмелердің, асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты. Күнделікті ылғалды тазалау, аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындамай қалған

қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп, түзетілді деп айтты. Сонымен қатар әр топта ыдыс аяқ жууға арналған ыстық су жүргізілгенін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай –бақшасы музыка жетекшісі Б.Баялиев «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің сценарийлерінің мақсатымен, барысымен таныстырды. Тәуелсіздік - тірегім ертеңгілігінде балалар Отан, Қазақстан, тәуелсіздік туралы әндер орындап, тақпақтар айтады. Тәуелсіздіктің мағынасы түсіндіріліп, балалардың қатысуымен көрініс дайындалуда. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, Мыстан кемпір, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариймен қатысады. Сонымен қатар қандай билер, ойындар, көріністер дайындалып жатқанын айтып, балалар, кейіпкерлер костюмдері туралы ой бөлісіп, кеңесті.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер М.Саурамбаева сөйлеп, ертеңгіліктердің сценарийлері қызықты және тәрбиелі екенін айтып, бекітуге ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе "Ата, Әке - бала" отбасылық спорттық сайысы өткізілуі туралы ортаңғы топ "Балдәурен" тобының тәрбиешісі Л.Байзакова сөйлеп, отбасылық спорттық сайысың барысымен, мақсатымен таныстырды. Сайыста қандай жарыс түрлерін өткізгендерін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Э.Алшымбаева сөйлеп, отбасылық сайыстың жақсы дәрежеде өткенін, ата - аналар балаларымен белсенді қатысқанын, өйткені дұрыс ұйымдастыра білген деген ұсыныс айтты.

Басшы Л.А. Ахметова сөйлеп, жарыстың талапқа сай, қауіпсіздік ережесі сақталып өтілгенімен қатар, эстафеталық ойындар қызықты, дұрыс таңдалып алынған деген пікір айтып, жақсы деген баға берді.

Тәрбиеші З.Адишева сөйлеп, спорттық сайыстың өткізілуінен өзіне біраз тәжірибе алғанын айтып, жақсы деп бағалады.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы жақсы деп бағаланып, бақылау жалғастырылсын.
2. Қыс мезгіліндегі балалардың жаракаттанбауына арналған нұсқаулықтар әрдайым сақталынсын.
3. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық Жаңа жылдық тақырыптық оқу қызметтердің сценарийлері бекітілсін.
4. «Ата, Әке - бала» отбасылық спорттық сайысының қорытындысы "жақсы деп бағалансын.

Бөбекжай –бақшасы басшысы
Хатшы:



Л.А. Ахметова
М.Б. Саурамбаева

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы
№5 хаттама

Өткізілген күні: 05.01. 2024 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай –бақшасы басшысы Л.А.Ахметова , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, және бөбекжай-бақшасы тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 20

Қатыспағандар саны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық оқу қызметінің қорытындысы
2. Табиғат бұрышының жағдайы

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай-бақшасы басшысы Ахметова Лаззат Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бөбекжай-бақшасы музыка жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің өткізілу барысымен таныстырды. "Тәуелсіздік - тірегім" ертеңгілігінде балалар Отан, Қазақстан, тәуелсіздік туралы әндер орындап, такпақтар айтып, белсене қатысты. Билер биледі және ұлттық киімдер киіп, киімдермен қатысты. Тәуелсіздіктің мағынасы түсіндіріліп, балалардың қатысуымен көрініс көрсетілді. Көрініске тәрбиешілермен бірге балалар да қатысты. Балаларға түсінікті түрде жас ерекшеліктерні сай дайындалды. Ата – аналар қатыстырылмай әр топта бөлек – бөлек ертеңгілік түрінде өткізілді. Оқу қызметтеріне Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, Мыстан кемпір, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариймен қатысып, қызықты өтуіне әсерін тигізді. Кейіпкерлер ойындар ойнатып, тапсырмалар орындатып, ертегі оқиғасы бойынша жүргізілгені балаларға қызықты болды.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Л.Байзакова сөйлеп, «Тәуелсіздік-тірегім» атты ертеңгіліктің ұйымдастырылуы керемет болғанын және Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасының жеткен жетістіктері туралы айтқаны балалардың туған жер туралы білімдерін кеңейтті деп санаймын деді. Жаңа жылдық оқу қызметтері әрине көңілді, қызық өтілді. Ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалады.

Тәрбиеші К.Шамшиева Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгіліктің мән - мағынасы ертеңгілік барысында ашып көрсетілді, балалардың өз мемлекетімізге деген мақтаныш сезімдері оянды деп айтты. Жаңа жыл ертеңгіліктері балаларға көтеріңкі көңіл - күй қуаныш сыйлайтындай жақсы дәрежеде өтілді деді. Жақсы деп бағалайтынын айтып өтті.

Тәрбиеші О.Есимбаева Ертеңгіліктер барысында балалардың тек Тәуелсіздік туралы түсініктері қалыптасып қоймай, сахнада қалай тұруды, қалай өнерлерін көрсетуді үйренгенін айтты. Балалардың би билеп, ән айта

білуіне көп көмегі тиді деді. Музыка жетекшісі **Б. Баялиевтың** еңбегі көп екенін айтып, ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалап өтті.

Бөбекжай-бақшасы басшысы Л.А.Ахметова сөйлеп ертеңгіліктердің өтілу барысы туралы айтып, қорытындылады. Ата - аналар еңбегімізді бағалап алғыс айтқанын және бұдан да жоғары дәрежеде өтуге ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскер М.Саурамбаева сөйлеп, бөбекжай-бақшасындағы табиғат бұрышының жағдайы туралы айтты. Барлық топтардың табиғат бұрышында бөлме гүлдері, гүлдерді күтіп баптайтын құрал - жабдықтар, жыл мезгілін, ауа - райын бақылайтын стендтер бар. Балаларды еңбекке баулуда тәрбие жұмыстары кезінде табиғат бұрышында кезекшілік бойынша еңбекке баулу жұмыстары жүруде деді. Алайда тірі жануарлар бұрышы жоқ, яғни құстар, тышқандар, балықтар т.б. жоқ болып тұр. жануарлар бұрышын қалай ұйымдастырсақ деген ұыныс айтты.

Жарыссөзге шыққандар: Э.Алшымбаева табиғат бұрышына арнайы қаржы бөлінбегендіктен жасай отыра алмағандарын және әрине тірі бұрыш болса балаларды еңбекке тәрбиелеп қана қоймай, табиғатқа қамқор болуға үйренер еді деді. Тірі бұрыш жасауға қамқоршылық кеңеске ұсыныс тастап, демеушілер тарапынан ұйымдастырсақ деген ұсыныс айтты. Ұсынысты басқа педагогтар түгел қолдады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері М.Саурамбаева сөйлеп, «Серуен картотекаларының жиынтығы» атты тақырыптық бақылау нәтижесі туралы сөйледі.. Серуен картотекаларын барлық топ тәрбиешілері дайындап, әр жыл мезгіліне сай жасалып қандай бақылау, еңбек, ойын түрлері өткізілетіні жоспарланғаны дайындалғанын айтты. Тақырыптық бақылау нәтижесі жақсы деп қорытыланды.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтардағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің қорытындысы "жақсы" деп бағалансын.
2. Табиғат бұрышындағы тірі бұрыштар Қамқоршылық кеңеске ұсыныс тасталып, демеушілер тарапынан ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілсін.

Бөбекжай-бақшасы басшысы
Хатшы:



Л.А.Ахметова
М.Б.Саурамбаева

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы
№6 хаттама
«Балаби» бөбекжай-бақша

Өткізілген күні: 07- ақпан . 2024 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай –бақша басшысы Л.А.Ахметова , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және бөбекжай – бақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 25

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.«Армысың, Қарлы қыс» ойын – сауықтарын талқылау
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы, тамақтың сапасын бақылау
3. Балалардың шығармашылық жұмыстарын талдау

Тыңдалды: Әкімшілік жанындағы кеңесті бөбекжай-бақша басшысы Ахметова Лаззат Абдикалыкқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай –бақшаның саз жетекшісі сөйлеп, «Армысың қарлы қыс!» ойын – сауығының мақсатымен, өткізілу барысымен таныстырды. Ойын – сауыққа Аққала, Сайқымазақ келіп сценарий бойынша қатысып, ойын - сауықтың қызықты өтуіне әсерін тигізгенін, кейіпкерлер қысқы ойындар ойнатып, жарыстар жүргізілгені балаларға қызықты болғанын айтты. Балаларды таза қысқы ауада шынығып қана қоймай, қыс мезгілінің ерекшеліктерін танып, табиғатты қорғауға деген ынталары оянғанын айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Шамшиева Камшат сөйлеп, қыс мезгіліне арналған ойын – сауықтың қызықты өткенін, балалармен шанамен сырғанап, кармен ойнап денсаулықтарын шынықтырды, әрі көңіл – күйлері көтеріліп қалды деді. Ойын – сауықтың өтілуін жақсы деп бағалады.

Тәрбиеші Есимбаева Орынкул ойын – сауықтың ұйымдастырылуы талапқа сай болғанын және таң қалдыру сәтіне Аққала келіп ойындар ойнатып, қызықтырғаны жақсы болды деп айтты. Қорытындысын жақсы деп бағалайтынын айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай кәсіподақ комитетінің төрайымы Адишева Замира сөйлеп, тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы, тамақтың сапасын кәсіподақ мүшелерінің бақылауларының нәтижесін айтты. Асхананың тазалығы талапқа сай. Ет турайтын, нан, салаттар турайтын тақтайшалар, ыдыс – аяқтар таңбаланып, бәрі дезинфекцияланып ережеге сай жуылады. Аспаздардың, асхана жұмысшысының киім формалары бар екенін, әр топқа берілетін тамақтардың таратылу кестесі құрылған, бірақ тәрбиеші көмекшілері кей уақытта өз

уакытынан ерте келіп тұратынын айтып, уактылы тамақ алуға ескерту берілгенін айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Бөбекжай –бақшаның әдіскері Саурамбаева Майра сөйлеп, балалардың шығармашылық жұмыстарына талдау жасады. Балалардың шығармашылық жұмыстары оқу қызметі өтіліп, қорытынды жасалып болған соң, ата – анаға көрінетіндей жерде жасалынған көрмеге ілінетінін және келесі оқу қызметіне дейін ілулі тұратынын айтты. Балалардың шығармашылық жұмыстары тігіліп, қай күні өтілгені, қанша бала қатысканы жазылып тігіліп қойылғанын айтты. Әр топта балалар жұмыстарының жинақталуы бақыланып, нәтижесін жақсы деп бағалады.

1. «Армысың, Қарлы қыс» ойын – сауығы өз дәрежесінде жақсы өтілді деп бағалансын.

2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы талапқа сай сақталынсын.

3. Балалардың шығармашылық жұмыстары көрмеге ілініп, тігіліп, жинақталу жалғастырылсын.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

Бөбекжай -бақша басшысы

Хатшы:



Л.А.Ахметова

М.Б.Саурамбаева

**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы
№7 хаттама**

«Балаби» бөбекжай-бақшасы

Өткізілген күні: 06 - наурыз . 2024 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай-бақшасы басшысы Л.А.Ахметова , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, аспаздар ,балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 25

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Жыл басы - Наурыз» мерекелерінің сценарийлерін бекіту
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы
3. Бөбекжай-бақшадағы санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты Бөбекжай-бақша басшысы Ахметова Лаззат Абдыкалыкқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе Бөбекжай-бақша саз жетекшісі А.Салыбекова сөйлеп, «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесі ертеңгілігінің сценарийімен таныстырды. Наурыз ертеңгіліктерінде балалар қандай өнер түрлерін көрсететінін, қандай әндер, билер орындайтынын және қандай ертегі кейіпкерлері, Қызыр баба, Наурыз қыз кімдер болатыны жайлы ақылдасты.Қазақ халқының ертегі желісі бойынша, салт – дәстүрлерді көрсетіп, балаларға ұлттық құндылықтарымызды көріністер ретінде балаларды қатыстырып көрсетсек деп жоспарлап отырғанын айтты. Педагогтарға ертеңгіліктердің сценарийлері ұнап, ойларын айтып келісті.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер Саурамбаева Майра сөйлеп, Қызыр бабаның сыйлығы ретінде ұлттық бұйымдардан ойыншық немесе ұлттық бұйым берілсе деген ой айтты.Аяз атаны күткендей балалар Қызыр бабаны күтіп, сағынып, Наурыз мерекесінің мәнін түсініп жүрсе нұр үстіне нұр болар еді деген ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Тәрбиеші Байзакова Лаура сөйлеп, Наурыз мерекесінің өткізілу күндері туралы сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

Меңгеруші Ахметова Лаззат Абдыкалыкқызы сөйлеп, еліміздегі шектеу шараларына байланысты ертеңгілікке ата – аналардың қатыспайтынын және балалардың көрсеткен өнерлерін ата – аналардың чатына салуды тапсырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшаның шаруа меңгерушісі Ергешова сөйлеп, азаматтық қорғанысқа байланысты өткізілетін іс – шаралармен таныстырды.Бөбекжай-бақшада әр оқу жылының басында азаматтық қорғанысқа байланысты іс – шаралар жоспары түзіліп, жер сілкінісі, су тасқыны, боран соғуы, өрт шығу қаупі т.б. төтенше жағдайлар болғанда қалай сақтану, адамдарды қауіпсіз жерге орналастыру

және қауіпті жағдайда кімдер неге жауапты болатынынын айтып берді. Апат кезіндегі сыртқа шығу картасымен таныстырды. Сонымен қатар балалармен бөтен адамдарен сөйлеспеу, шақырса бармау, тәтті берсе жемеу, от шығатын заттармен, қауіпті заттарен ойнамау туралы үнемі әңгіме жүргізу керектігі туралы айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Абилдаева Айгерим өрт сөндіргіш баллонды қалай қолдану жайлы сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша медбике Токтыбаева Дина сөйлеп, бөбекжай- бақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы туралы айтты. Санитарлық талаптың орындалуы, дезинфекция талаптарының орындалуы, ылғалды сүрту жұмыстары, күрделі тазалау жұмыстарының жүргізілуіне күнделікті бақылау жүргізіліп, бағаланып, ескерту шаралары сол кезде айтылып кететінін айтты.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. «Жыл басы - Наурыз» мерекелерінің сценарийі бекітіліп, қашықтықтан өткізілсін.
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы «жақсы» деп бағалансын.
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы талапқа сай деп бағаланып, санитарлық талап үнемі сақталынсын.

Бөбекжай-бақша басшысы
Хатшы:



Ахметова Л.А
Саурамбаева М.Б

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

№8 хаттама

«Балаби» бөбекжай-бақшасы

Өткізілген күні: 04 - сәуір . 2024 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай –бақшасы басшысы Л.А.Ахметова , әдіскер, саз жетекшілері , медбике, аспаздар ,бөбекжай-бақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 29

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Наурыз мерекесінің қорытындысы
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар
- 3.Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай-бақшасы басшысы Ахметова Лаззат Абдыкалыкқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бөбекжай-бақшасы саз жетекшісі Б.Баялиев сөйлеп, «Қош келдің Наурыз!» мерекесіне арналып өтілген ойын – сауықтың қорытындысын айтып өтті.Сценарийде жоспарланған ойындардың барлығы кейіпкерлердің қатысуымен өткізілгенін және балаларға ұнағанын, көңілді болғанын айтты.Сонымен бірге Наурыздың мән – мағынасы таныстырылып, Қызыр баба келіп, балаларға батасын берді деді.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Абилдаева Айгерим

Ұлыстың ұлы күніне балалар ұлттық ойындар ойнап, салт – дәстүр туралы білуге қызығушылықтары оянды деп санаймын деді.Сонымен қатар салт – дәстүрдің көріністерін балаларға көрсеткені дұрыс болды деп санаймын деді..

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшасы шаруашылық меңгерушісі Ергеш Карина сөйлеп, көктем мезгіліндегі жұмыстардың барысымен таныстырды. Гүл егетін клумбалар аударылып өңделу, гүлдер егу, ағаштардың түбін қопсытып әктеу т.б. жұмыстарды бірлесіп істеп, бөбекжай-бақшаның ауласын көркейтуге шақырды.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай-бақшасы басшысы Ахметова Лаззат Абдыкалыкқызы бөбекжай-бақшасының ауласы гүлденіп тұрса, балаларға да, ата- аналарға, қызметкерлерге қандай жақсы көңіл – күй сыйлайтынын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Саурамбаева Майра топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық кателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе ,күнделікті оқу қызметтерінің өткізілуін бақылап жүргенін айтты.Оқу қызметтері оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде.Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу қызметіне

дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Наурыз мерекесіне арналған ойын – сауық қорытындысы жақсы деп бағалансын.
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар бойынша кесте құрылып, жұмыстар жүргізілсін.
3. Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау жалғастырылсын.

Бөбекжай-бақшасы басшысы **Ахметова Л.А**

Хатшы:



Саурамбаева М.Б